

«Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені» КММ

«Бекітемін»

Директор



Г. Шакенова

«02» 09. 2025 ж

АҒА ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ
2025-2026 оқу жылы

Аға тәлімгер: Маханова Б

Аға тәлімгердің

2025-2026 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары

1. Оқушылардың жыл бойы тәрбиелік бағытта жұмыс жүргізуге отырып оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, қоғамдық жұмыстарға қызығушылығы арттыру. Отан сүйгіштікке баулу, мемлекеттік іс-шараларға белсенді қатыстыру.
2. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ету.
3. Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
4. Мектепте аға тәлімгердің жұмысы жоспарланған іс-шаралары бойынша атқарылады.
5. «Жас Қыран» ұйымының жұмысы мен «Жас Ұлан» балалар мен жұмысының ұйымының жұмысы, салтанатты және мерекелік жиындар, атаулы күндер, қамқорлық жұмыстары, акциялар, байқаулар т.б
6. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымына 14 желтоқсан күніне орай
9. Сондай – ақ оқушылар арасында өзара жеке бас тазалығын және қоршаған ортаны қорғау әр сәрсенбі және бейсенбі күндері тазалық жұмыстарын ұйымдастыру

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің

маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды камтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымаққұндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп,

инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Білім алушылардың бойында түйінді құндылықтарды қалыптастыру құзыреттілік тәсілдемесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды:

ұлттық мүддені ілгерілету –Отанның дамуына үлес қосуға, өз елінің ұлттық мүддесін қорғауға және дамытуға дайын болуы;

тиімді қарым-қатынас – басқалармен тиімді қарым-қатынас орнату, түсіну, командада жұмыс істеу және қақтығыстарды шешу дағдылары арқылы түрлі әлеуметтік ортада инклюзивтілік пен бірлікке ықпал ету, басқалармен ынтымақтастық орнату;

қоғамға қызмет ету – этикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қолайлы тәжірибелерді қолдана отырып, қоғамның дамуына ерікті үлес қосуға дайын болу;

азаматтық парыз – этикалық мінез-құлық нормаларын, адалдық және заңның үстемдігін сақтау, қоғам талаптарын

құрметтеу және ұстану;

инновациялық ойлау – жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, кедергілерді енсеру үшін жана дағдыларды игеру және болашақ бастамаларын табысты іске асыруда өз әлеуетін пайдалануабандылық таныту;

шығармашылық – идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер арқылы контекстке сәйкес генерациялау қабілеті.

Тәрбиеде құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелерібір-бірін толықтырып, өмірлік сын-қатерлерге төтеп бере алатын және табысты әлеуметтенген жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

- **Мектептегі тәрбие жұмысының міндеттері:** Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел

бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Құндылықтар:

-Тәуелсіздік және отаншылдық;

- Бірлік және ынтымақ;
- Әділдік және жауапкершілік;
- Заң және тәртіп; Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- Жасампаз және жаңашылдық;
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік»
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 қыркүйек – «Білім күні» (сценарий)

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні (конкурс)

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні(родит собран)

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні(субботник)

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	1 қыркүйек-білім күніне арналған «Мектебім-мейірім мекені» атты салтанатты жиынын 1, 11 сынып оқушыларына өткізу.	Тақырыптық іс-шаралар #Bilim_quni хэштегі әлеуметтік желіге жариялау	Қыркүйек	Мектеп директоры Шакенова Г.К 1,11 сынып жетекшілер, тәрбиешілер
2	Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Мәнерлеп оқу сайысы».	Сынып сағаты әлеуметтік желіге #Bilim_quni #Біртұтас_тәрбие @oqu_agartu_ministirli gi @gani.beisembayev @anar_tanirbergenova1 8 @medetbekovameruert #Біртұтас_тәрбие_жамбыл хэштегімен жариялау	Қыркүйек	Мектеп тәлімгері Маханова Б.А Өзін-өзі басқару ұйымы
3	«Жас жолаушы және жол тәртібін бұзбайық» .	Сынып сағаты	Қыркүйек	Мектеп тәлімгері Маханова Б.А. Өзін-өзі басқару ұйымы

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ұнтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 қазан – Халықаралық қарттар күні (класс час)

5 қазан – Мұғалімдер күні (видео)

25 қазан – Республика күні (концерт)

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	Қарттар күніне орай « Жан жылуын сыйлаймыз! » атты акция ұйымдастыру - « Қарт жүрген жер береке » тақырыбында 1-10 сыныптар арасында сынып сағаттарын өткізу.	Класс сағаты	Қазан	Мектеп тәлімгері Маханова Б.
2	Мұғалімдер күнін мерекелеуге арналған тақырыптық іс-шаралар өткізу: <i>«Ұстаз-ұлағатты есім» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізу; «Ұстаздарға мың алғыс!» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесулер ұйымдастыру;</i>	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	Қазан	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Мектеп кәсіподақ ұйымы төрайымы .
3	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасын іске асыру бағытында «Күзгі асар» атты жәрмеңкесін ұйымдастыру	Жәрмеңке	Қазан	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Өзін-өзі басқару ұйымы
4	25 қазан - Республика күні мерекесіне	Тақырыптық іс-	Қазан	Мектеп тәлімгері

орай Қазақстаныма арнаймын атты мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру	шаралар		Маханова Б. 1-11 сынып жетекшілері
---	---------	--	--

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: *«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»*

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Шабыт» жобасын іске асыру бағытында білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Мектеп театры» атты театр қойылымын ұйымдастыру	Театр қойылымы	Қараша	Мектеп тәлімгері Маханова Б.А. Утурмакова Н.А
2	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымы, «Адал ұрпақ» ұйымының отырысын өткізу	Зияткерлік ойын	Қараша	Мектеп тәлімгері Маханова Б.А.
3	15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай	Тақырыптық іс-	Қараша	Мектеп тәлімгері

	іс-шаралар ұйымдастыру	шаралар	Маханова Б.А.
--	------------------------	---------	---------------

ЖЕЛТОҚСАН–БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ұнтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

28- желтоқсан- Жаңа жыл.

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
2	«Жетістігімді еліме арнаймын» атты челленджін өткізу	Челлендж	Желтоқсан	ДТДЖО Серкебаева Ж.А Мектеп тәлімгері Жүнісбекова А.С
2	Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру бағытында әдеби Кеш.	Іс-шаралар	Желтоқсан	Мектеп тәлімгері МАханова Б. Мектеп кітапханасы Бултекова Л.
3	ҚР Тәуелсіздік күніне орай Іс-шара өткізу.	Іс-шара	Желтоқсан	Мектеп тәлімгері Маханова Б. 2-5сынып жетекшілері

ҚАҢТАР–ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ұнтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Еңбегі адал - жас өрен» жобасын іске асыру бағытында білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Мамандықтар» тәрбие сағат өткізу.	Байқау	Қаңтар	Мектеп тәлімгері Маханова Б. <i>Бақыт</i>
2	«Үздік оқушы», «Жас спортшы», «Мектеп белсенділері», «Өнерлі оқушы», «Қамқор оқушы» марапаттау жарнамаларын өткізу.	Отырыс	Қаңтар	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Өзін-өзі басқару ұйымы <i>мақсат</i>
3	Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде, әр түрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру	Іс-шара	Қаңтар	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Өзін-өзі басқару ұйымы

АҚПАН-ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

14 ақпан-Ауған күні

«Құқықтық тәрбие-құқықбузышылықтың алдын алу» айлығы

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру бағытында «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челленджін өткізу	Челлендж	Ақпан	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Мектеп кітапханасы Бултекова Л.
2	Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде, әр түрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру	Іс-шара	Ақпан	Мектеп тәлімгері Маханова Б.А Өзін-өзі басқару ұйымы

НАУРЫЗ-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

27 наурыз-Дүниежүзілік театр күні

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар

1	1 наурыз – Алғыс айту күні орай Іс-шара.	Іс-шара	Наурыз	Мектеп тәлімгері Маханова Б.
2	III «Жас Ұланның – ЖҰЛДЫЗЫ!»	Ән байқауы	Наурыз	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Музыка пәні мұғалімі Б Камилова Н.
3	22 Наурыз мерекесіне орай «Ұлттықойын - ұлт қазынасы» атты ұлттық ойындар, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты ұлттық киімдербайқауын өткізу	Іс-шаралар	Наурыз	Мектеп тәлімгері Маханова Б. 1-11 сынып жетекшілері
4	«Эко-күнтізбе» айдары бойынша 5-8 сынып оқушыларына арналған «Экология балалар көзімен» атты жас суретшілер байқауы, «Ғажайыпқа толы табиғат сырлары» атты экочелледжін өткізу	Іс-шара	Наурыз	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Өзін-өзі басқару ұйымы <i>МО</i>
5	5-8 сынып оқушылары арасында адал еңбекті құрметтеу, халқына адалқызмет етуге баулу мақсатында «Адалұрпақ - елдің болашағы», «Адал ұрпақ - мәңгілік елдің кепілі» атты пікірлесу сағатын өткізу	Пікірлесу сағаты	Наурыз	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Өзін-өзі басқару ұйымы <i>С.И.</i> 5-8 сынып тәрбиешілер

СӘУІР-ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛКІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және Жаңашылдық»

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Қоғамдық мүлікті қорға!» аттыалдын алу іс-шарасын өткізу Қауіпсіздік сабағы (10 жасар)	Алдын алу іс-шарасы	Сәуір	Мектеп тәлімгері Маханова Б Өзін-өзі басқару ұйымы
2	«Қамқор» жобасын іске асыру бағытында «Түлектердің ағаш егуі» атты эочелленджін өткізу	Челлендж	Сәуір	Мектеп тәлімгері Маханова Б
3	Адамгершілік-жыныстық тәрбиелеу, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын нығайту мақсатында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты арнайы мамандардың қатысуымен кездесу өткізу	Кездесу	Сәуір	Мектеп тәлімгері Маханова Б Өзін-өзі басқару ұйымы

МАМЫР-БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік
«Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
9 мамыр-Жеңіс күні
Мамырдың екінші жексенбісі-Аналар күні
15 мамыр-Отбасы күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар

1	Отан қорғаушылар күніне орай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау.	Ұйымға қабылдау	Мамыр	Мектеп тәлімгері Маханова Б Музыка пәні мұғалімі Камилова Н
2	Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай Іс шара.	Іс шара.	Мамыр	Мектеп тәлімгері Маханова Б. 1-10 сынып жетекшілер
3	Адамгершілік-жыныстық тәрбиелеу, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын нығайту мақсатында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты арнайы мамандардың қатысуымен кездесу өткізу	Кездесу	Мамыр	Мектеп тәлімгері Маханова Б. Педагог- психолог Шакибаева А. 8-10 сынып жетекшілері медбике Габитова Г.
4	15 мамыр-Отбасы күні	Видеоролик	Мамыр	Мектеп тәлімгері Маханова Б.